

«Өзін-өзі реттейтін Қазақстан бағалаушылар қауымдастығының ұйымы» бағалаушылар палатасының Жалпы жиналысымен
2018 жылғы 30 маусымдағы №1 хаттамасы
(2018 жылғы 13 шілдеден қолданысқа енгізіледі)

**«Өзін-өзі реттейтін Қазақстан бағалаушылар қауымдастығының ұйымы»
бағалаушылар Палатасының**

Сараптама кеңесі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. «ӨРҚ БҚҰ» БП Сараптама кеңесі туралы осы Ереже (бұдан былай - Палата) «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» 2018 жылғы 10 қаңтардағы №133-VI ҚРЗ (бұдан әрі – БҚЗ) ҚР Заңына, «ӨРҚ БҚҰ» БП Жарғысына, ҚР стандарттары мен ережелеріне, Бағалаушылар палатасы стандарттары мен ережелеріне және ҚР өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленіп, «ӨРҚ БҚҰ» БП Сараптама кеңесі (бұдан былай «Кеңес») мәртебесін, қызмет мақсатын, құрылымын, құзыреттілігі мен жұмыс регламентін анықтайды.

1.2. Өз қызметінде Кеңес Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасын, Палата Жарғысын, осы Ережені, Бағалау туралы есеп сараптамасын жүргізу регламентін (бұдан былай «Регламент»), Палата мүшелерінің Жалпы жиналысының шешімдерін, Палата президиумының шешімдерін басшылыққа алады.

1.3. Сараптама кеңесі қызметі туралы ереже Палатаның алқалық органы – Президиуммен әзірленіп, Бағалау палатасы мүшелерінің жалпы жиналысымен бекітіледі.

1.4. Кеңес мүшелері осы Ережемен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен бекітілген өкілеттілікті уақытылы орындауға, сондай-ақ осы Ережемен бекітілген тапсырмалар мен өкілеттілікті қамтамасыз ету бойынша өз қызметінің нәтижелеріне жауапты.

1.5. Сараптама кеңесінің мүшелерін сайлау Бағалаушылар палатасы мүшелерінің Жалпы жиналысының ерекше құзыреттілігіне жатады.

1.6. Кеңес қызметінің ұйымдастырушылық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етуі Палатаның Атқарушы органы жүзеге асырады. Қаржыландыру тәртібі Бағалаушылар палатасы президиумымен белгіленеді.

1.7. Кеңес Палата мүшелерінің Жалпы жиналысына есепті, жыл сайын оларға есеп беріп, өз қызметінің нәтижелері мен заңдылығына Палата мүшелері алдында жауапты.

1.8. Сараптама кеңесінің орналасқан жері - 140002, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Павлодар қ., Крупская к-сі, 76, 306 офис.

2. Кеңестің қызмет мақсаты

2.1. Кеңесті құру және қызмет мақсаты бағалаушылар палатасының бағалау қызметі мен стандарттары туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына бағалау бойынша есептер мағынасының сәйкестілігі бөлігінде сараптама нәтижелерін алуға құқығы бар бағалау туралы есепке дауласатын тапсырыс беруші және (немесе) үшінші тұлға өтініші бойынша бағалау туралы есеп сараптамасын өткізу болып табылады.

3. Кеңес құзыреттілігі

3.1. Соттардың, құқық қорғау құрылымдарының, үкімет органдарының бағалау қызметі субъектілерінің өтініштері бойынша келісімшарт негізінде жүргізілетін тексерістер ретінде де, ішінара тексерістер ретінде де ұйымдастыру арқылы бағалау келісімшарттарының жағдайына және бағалау қызметі аясындағы заңнама талаптарының сақталуына, бағалау стандартына сәйкес сол және өзге де бағалау әдістерін қолданудың дұрыстығына, қорытындылардың дұрыстығына, толықтығына есептерге сараптама жүргізу.

3.2. Бағалау объектісінің нарықтық немесе басқа да құны шамасының дұрыстығын анықтауда бағалау қызметі тұтынушыларына көмек көрсету.

3.3. Палата мүшелерінің бағалау қызметін жүзеге асыру кезінде даулы жағдайларды шешу.

3.4. Атқарушының күштері және құралдарымен ауытқу және анықталған қателерді түзеу мақсатында есеп орындаушысына түсініктеме және кеңес ұсыну.

3.5. Заңнама, атқарушы және сот үкіметі органдарымен өзара әрекеттесу, бағалау қызметі бойынша уәкілетті органды қоса алғанда.

3.6. Үкімет органдарына тиісті ескертулер мен ұсыныстарды көрсете отырып, бағалау қызметі аясындағы әдістемелік құжаттар мен нормативтік құқықтық актілер жобаларын талқылау.

3.7. Бағалау қызметі нарығын реттеу бойынша нормативтік-құқықтық базаларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу.

3.8. Бағалаушылардың біліктілік деңгейін арттыруға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу.

3.9. Сарапшылардың біліктілігіне және жұмыстарының жағдайына, есептерді сараптауға (рецензиялауға) бірыңғай талаптар әзірлеу.

3.10. Рецензиялау материалдары бойынша Палата мүшелері үшін дөңгелек үстелдер және семинарлар өткізуді ұйымдастыруда Атқарушы органға көмек көрсету.

3.11. Біржолғы немесе тұрақты жұмыстар үшін бағалау қызметінің әртүрлі бағыты бойынша білікті сарапшыларды (бағалаушыларды, кеңес берушілерді) тарту.

3.12. Бағалау қызметінің мәселелері бойынша кеңес ұсыну.

3.13. Бағалау туралы есептерге сараптама жүргізу регламентін бекітеді.

3.14. Кеңес қызметін іске асыру үшін қажетті басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

4. Кеңестің құрылымы

4.1 Кеңес оларды соңынан Палата Жалпы кеңесімен қарау және бекітуге енгізумен, Палата Президиумының «сарапшы» біліктілігін тағайындау туралы кәліктері бар бағалаушылар санынан үміткерді тарту арқылы құрылады. Сарапшылар кеңесіне үміткерлерді енгізу құқығын тек қана Палата Президиумы меңгереді. Кеңеске үміткерлерді тарту бойынша Президиум шешімі хаттамамен рәсімделеді. Президиум хаттамасы ақырғы құжат болып табылады.

4.2. Кеңес «жылжымайтын мүлік сарапшысы», «жылжымалы мүлік сарапшысы», «зияткерлік меншікті және материалдық емес активтерді, бизнесті бағалау және бизнестің қатысу құқығын бағалау» мамандықтары бойынша «сарапшы» біліктілігін тағайындау туралы куәлігі бар бағалаушылар санынан құрылады.

4.3. Барлық мамандар сарапшылары Бағалаушылар палатасының Сарапшылық кеңесінде ұсынылуы тиіс. Сарапшы бірнеше маман бойынша «сарапшы» біліктілік куәлігін игере алады.

4.4. Сарапшылар кеңеске 2 (екі) жыл мерзіммен, құрамында 5 (бес) адамнан кем емес сайланады. Кеңес мүшелерінің саны Жалпы жиналыста шешіледі. Сарапшылық кеңес мүшелері жаңа мерзімге қайта сайлана алады, сондай-ақ ЗОЖ қарастырылған негіздер бойынша мерзімінен бұрын сарапшылық кеңес құрамынан шыға алады.

4.5. Сарапшылық кеңес жұмысын Сарапшылық кеңес Төрағасы басқарады. Сарапшылық кеңес төрағасын сарапшылық кеңес отырысында екі жыл мерзімге сарапшылардың қарапайым көп дауысымен сарапшылық кеңес мүшесі сайлайды. Сол бір адам екі рет қатарынан төраға болып сайлана алмайды.

4.6. Кеңес мүшесі Палата мүшелерінің Жапы жиналысының шешімі бойынша Кеңес құрамынан мерзімінен бұрын шыға алады, егер оның Кеңес мүшесі ретіндегі қызметі заңнамаға қарама-қайшы және/немесе Палата мүддесіне залал келтірген жағдайда.

4.7. Кеңес құрамынан Кеңес мүшесін босату және тиісті шешім қабылдау туралы мәселені Палата мүшелерінің Жалпы жиналысында қаралғанға дейін Кеңес мүшесі ретіндегі мұндай адамның қызметі Палата Президиумының шешімі бойынша тоқтатылуы тиіс.

4.8. Кеңес мүшелері өз қызметтік міндеттерін тиісті атқарған жағдайда жаңа мерзімге бір рет шектеусіз қайта сайлана алады.

5. Сараптамалық кеңес мүшесінің үміткеріне талап

5.1. Сараптамалық кеңес мүшесінің үміткеріне міндетті талаптар:

- Сараптамалық кеңес мүшесіне оны қосу туралы өтініш (бекітілген нысанда);
- «сарапшы»біліктілік куәлігі;

5.2. Сараптамалық кеңес мүшесінің үміткері бола алмайды:

- басқа палата бағалаушысына мүшелік;
- экономикалық қызмет аясындағы құқық бұзушылығы, сондай-ақ Сараптамалық кеңес мүшесіне өтініш беру кезінде ауыр және аса ауыр

- қылмысы, қасақана жасаған орта ауыр қылмысы үшін өтелмеген немесе шешілмеген сотталғандық;
- тиісті мамандығы бойынша жұмыс өтілі 10 жылдан кем емес;
 - тәртіптік жазасы, оның ішінде Сараптамалық кеңес мүшесіне қосу туралы өтінішті берген күннен алдыңғы екі жыл ішінде Этика кодексін бұзған жағдайда;
 - ағымдық жоспардан тыс тексеріс;
 - мүшелік және/немесе мүшелікке кіру жарнасын төлеу бойынша Бағалаушылар палатасының алдындағы берешегі.

6. Кеңес Төрағасының құқығы және міндеттері

6.1. Кеңес төрағасы құқылы:

- өз құзіреті шегінде Кеңес қызметкерлеріне өкім және тапсырма беруге;
- Кеңес қызметі мен міндеттеріне жүктелгендерді жүзеге асырумен байланысты құжаттарға қол қоюға;
- Кеңес қызметкерлерінен оның тапсырмасын, сондай-ақ Палата мүшелері Жалпы жиналысының және Палата Президиумының бұйрықтары мен нұсқауларын, тапсырмаларын тиісті орындамау немесе тиісті орындамау себептер бойынша ауызша және жазбаша түсініктеме алуға;
- Кеңес жұмысын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге.

6.2. Кеңес Төрағасының міндетіне жатады:

- Кеңес қызметіне басшылық ету;
- үкімет органдарында, сондай-ақ шауашылық субъектілерінде, оның ішінде банктерде, сақтандыру компанияларында, инвестициялық институттарда және басқа да құрылымдарда Кеңес қызметін дәріптеу және осы Ереже негізінде Кеңес мүдделерін ұсыну;
- жоспарлы және жоспардан тыс Кеңес отырыстарының шақыру және өткізу;
- Кеңес отырысының шешімдері мен хаттамаларына қол қою;
- есептерді (рецензияларды) сараптау және олардың орындалуына бақылау жасауда тапсырыс берушілермен келісімшарт жобаларын дайындау;
- Кеңес мүшелерін, оның ішінде сараптама бойынша қорытындыларды талқылау мақсатында кеңес отырыстарын өткізу және шықырылымы, жұмыс топтарын қалыптастыру, сараптамаға қайтарымсыз негізде тарту;
- біржолғы немесе тұрақты жұмыстар үшін бағалау қызметінің әртүрлі бағыты бойынша сараптама жүргізуге әртүрлі сарапшыларды (кеңесшілерді) тарту (белгілеу);
- Кеңестің барлық жұмыс құжаттамаларын жүйелі сақтау, сараптамалық қорытындылар және есептер көшірмелерін қосқанда, Бағалаушылар палатасы Атқарушылық органымен және Сарапшылық кеңес төрағасымен келісу бойынша тағайындалған қызметкері болып табылатын Сарапшылық кеңес хашысы жүзеге асырады;
- Кеңестің нормативтік құжаттарының жобаларын дайындау;
- Палата Президиумы және Палата мүшелерінің Жалпы жиналысы алдындағы өз қызметінің қорытындылары туралы есеп.

7. Кеңес жұмысының регламенті

7.1. Кеңестің қызметі Палата Президиумымен бекітілген Регламент және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

7.2. Регламент Кеңес қызметінің қағидасын, Кеңес шешімін қабылдау және дайындау тәртібін, олардың орындалуына бақылау жасау тәртібін анықтайды.

7.3. Кеңес отырысы қажеттілігіне байланысты жылына бір реттен кем емес өткізіледі.

7.4. Отырыстың күн тәртібі, күні және уақыты туралы хабарлама Кеңес Төрағасымен Атқарушылық органға отырыс өткізу күніне дейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінен кешіктірілмей Кеңес мүшелерінің әрқайсысына жолданады. Кеңесті электрондық байланыс құралы арқылы жүргізуге жол беріледі. Кеңес отырысына оның жұмысына тартылғандар (бағалаушылар, кеңес берушілер), сондай-ақ үкімет органдарының өкілдері және Кеңес мүшесі болып табылмайтын басқа да адамдар шықырылады.

7.5. Егер Кеңес мүшелерінің және шақырылған адамдардың біреуі отырысқа қатыса алмаса, ол туралы Кеңес Төрағасына хабарлау қажет.

7.6. Кеңес шешімі көбіне қатысып отырған Кеңес мүшелерінен, оның мүшелерінің жартысынан кем емес болған кезде қабылданады. Кеңес отырысына дауыс беруде «иә» және «қарсы» дауыстары тең болған жағдайда, Кеңес Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

7.7. Кеңес отырысының хаттамасын толтыру Кеңес мүшелерінің отырысына қатысушылар құрамынан ағымдағы отырыс кезінде сайланған Кеңес Хатшысымен жүзеге асырылады. Хаттама отырыс уақытынан 5 (бес) жұмыс күннен кешіктірілмей толтырылады.

7.8. Кеңес отырысының хаттамасы Кеңес Төрағасымен және Кеңес отырысының Хатшысымен қол қойылады. Кеңес қызметінің материалдары Атқарушы органға сақтау үшін тапсырылады.

7.9. Кеңес шешімі хаттамаға енгізіледі, ол Кеңес мүшелерімен және оның жұмысына тартылған адамдармен орындау үшін міндетті, Палата мүшелерінің Жалпы жиналысымен немесе Палата Президиумымен бекітуді талап етпейді.

8. Сараптамалық қызмет

8.1. Сарапшы – қажетті білімі, тәжірибесі және сараптама аясында біліктілігі бар, бағалаушылар палатасы кеңесінің сараптамалық мүшесі, «сарапшы» біліктілігін тағайындау туралы куәлігі бар және алдына қойылған мәселелер мәні бойынша сараптамалық қорытынды ұсынатын уәкілетті жеке тұлға.

8.2. Бағалау туралы есепті сараптау – бағалау қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының және бағалаушылар палатасы стандарттарының талаптарына сәйкес бағалау туралы есептерді тексеру мақсатында бағалаушылар палатасы кеңесінің сарапшысымен жүргізілетін зерттеу.

8.3. Сарапшы-оппонент – яғни сарапшы сияқты біліктілігі және тәжірибесі, білімін меңгерген Кеңес мүшесі.

8.4. Сараптама өндірісінің міндетті шарттары біліктілігі және тәуелсіз сарапшылар, сараптамалық зерттеудің дұрыстығы және толықтығы, сараптама әдістері мен қорытындыларының бағалау қызметі аясындағы заңнамаға

сәйкестігі және ғылыми, техникалық және ақпараттық білімнің заманауи дейгейі болып табылады.

8.5. Сарапшы (сарапшылар тобы) өз қызметін Кеңес Төрағасының тапсырмаларына сәйкес жүзеге асырады.

8.6. Сарапшы міндетті:

- Өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Палата Жарлығына, Палатаның ішкі құжаттарына сәйкес адал жүзеге асыруға;
- Кеңес Төрағасының тапсырмалары мен нұсқауларын орындауға;
- Бағалау туралы есептерге сараптама жасауға;
- Сараптама қорытындысы бойынша сараптамалық қорытындылар дайындауды және рәсімдеуді жүзеге асырады;
- бағалау қызметінің мәселелері бойынша құқықтық актілерді және басқа да құжаттарды әзірлеуге қатысуға;
- дауыс құқығымен Кеңес отырыстарына қатысуға, қажетті материалдарды дайындауға;
- осы Ереже талаптарын мүлтіксіз орындауға Кеңес және Палата қызметінің беделін түсіретін мәлімдеме жариялауға және іс-әрекеттен өзін-өзі тартуға;
- сараптама жүргізуден бас тарту үшін негіз болатын қарастырылған заңнама болған кезде ол туралы сараптама жүргізуден бас тарту туралы сараптама үшін жүгінген адамды немесе органды ақпараттандыру немесе басқа сарапшыны тағайындау туралы Кеңес Төрағасына хабарлауға;
- өздігінен бас тарту үшін негіз болмаған жағдайда оған жүктелген сараптама жүргізуді қабылдауға;
- сараптама өндірісі барысында өздігінен бас тарту үшін негіз туындаған жағдайда сараптама өндірісінен бас тарту туралы сараптама үшін жүгінген адамды немесе органды ақпараттандыру мақсатында Кеңес Төрағасына ол туралы хабарлауға;
- ұсынылған материалдарға толық зерттеу жүргізуге, қойылған мәселелер бойынша объективті және дәлелді сараптамалық қорытынды беруге;
- сараптама жүргізумен байланысты мәселелер бойынша түсініктеме ұсынуға, оның ішінде сараптамалық қорытынды бойынша;
- жүргізілген сараптама бойынша сот органдарына жауап беру, осындай жауап беруге заңды негіз болғанда;
- сараптама өндірісіне байланысты сарапшыға белгілі болған мәліметтерді таратуға және ол жеке тұлғаға немесе ұйымға шығын келтіреді немесе коммерциялықтан тұрады, ал бұл құпия заңмен сақталады;
- ұсынылған материалдардың сақталуын қамтамасыз етуге;
- өз қызметтік міндетін тиісті орындауға қажетті біліктілік деңгейін қолдауға.

8.7. Сарапшы құқылы:

- сараптама және/немесе бағалаушы тапсырыс берушісінен – барлық қажетті материалдарды бағалау туралы есепті сараптау барысында Палата мүшесінен сұратуға және алуға, оның ішінде қажетті материалдарды жазуға немесе көшірмесін түсіруге олардың кейбірінде сілтеме бар, кейбірінде жоқ;
- қосымша материалдарды ұсыну туралы өтініш жасауға;

- мамандарды, кеңесшілерді және т.б. тарту туралы қолдауға;
- сараптама жасаудан бас тартқан жағдайда: яғни оларды толықтырудан бас тартқан кезде қорытынды беру үшін зерттеу материалдарың жетіспеушілігі; кәсіби тәуекел аясынан шыққан сарапшының денсаулығы мен өміріне қауіп туған кезде;
- сарапшының құқығын бұзған адамның іс-әрекетіне заң тәртібінде шағымдануға;
- сараптама өндірісі кезінде анықталған істің мәнін өз қорытындысында көрсетуге, бірақ сараптамалық тапсырманың мәніне жатпайтын;
- өз құзіреті шегінде Палатаның ішкі құжаттарында көрсетілген басқа да құқықтарды жүзеге асыруға.

8.8. Сарапшы құқылы емес:

- сараптама нәтижесінде оның қызығушылығына күдік тудырған, сараптама жүргізумен байланысты мәселелер бойынша адамдармен сараптама қорытындылары нәтижесінде қызығушылық тудырғандармен байланысқа түсуге;
- бағалау турады есептерге сараптама жүргізу барысында белгілі болған ақпаратты жеке мақсатта пайдалануға;
- бағалау туралы есептерге сараптама жүргізуге, егер оның сарапшы ретіндегі қызметі Палата Президиумының шешімі бойынша тоқтатылғанда;
- сараптамалық зерттеу материалдарын жоюға.

8.9. Бағалау туралы есепті сараптауды сарапшы жүзеге асырмайды:

- оның бағалау туралы есебіне келіспегенде;
- бағалау объектіне қатысты, ол келісімшарттан тыс заттай және міндеттемелік құқықтары бар немесе игергенде;
- бағалау объектісіне мүліктік қызығушылық болғанда;
- тапсырыс берушінің үлестес тұлғасы болып табылғанда;
- оның кредитшісі немесе сақтандырушысы заңды тұлға болып табылса – бағалау туралы есепті сараптауда бағалық қызметтердің тапсырыс берушісі;
- заңды тұлғаның акционер, құрылтайшы, жұмыскер, жеке меншік иесі, қатысушы, кредитші, дебитор, демеуші болып табылса – жеке тұлғаның тапсырыс берушінің немесе сарапшының жақын туысы немесе тапсырыс берушінің жекжаты болып табылса;
- заңды тұлғаның жұмысшысы болып табылса, онда басшы немесе өкілетті жауын туыстардан немесе тапсырыс берушінің байланыстарынан тұрса – жеке тұлға немесе басшы немесе заңды тұлғаның өкілетті тұлғасы болып табылса;
- егер бұл жанжал шығуға әсер етесе немесе осындай бәсекелестіктен қатер туындаған жағдайда, жасалған жария шарттан туындаған жағдайды қоспағанда.

8.10. Сараптама қызметіне мүдделі адамдардың немесе тапсырыс берушінің, бағалаушының араласуына жол берілмейді, егер бұл сараптама жүргізу қорытындысының дұрыстығына теріс ықпал етсе, оның ішінде анықтауға және түсінісуге жататын мәселелер шеңберін шектеу.

8.11. Сарапшының тәуелсіздігі осы Ереже және Регламентке сәйкес сараптама қорытындыларын бекіту және сараптама жүргізу, сараптама тағайындау тәртібімен кепілденеді .

8.12. Сараптама жүргізгені үшін сарапшының жұмысына ақы төлеу шамасы келісімшартпен анықталады немесе сараптама қорытындысына тәуелді.

8.13. Сараптама қорытындысы Сараптамалық қорытынды түрінде рәсімделеді, оған сараптама жүргізген сарапшы қол қояды және Кеңес Төрағасымен бекітіледі, ол болмаған жағдайда, оны ауыстыратын адаммен. Бағалаушылар палатасы атқарушы орган басшысымен куәландырылады, ол болмаған жағдайда, оны алмастыратын адаммен. Кеңес Төрағасының қолы, яғни сараптама келісімшарты сәйкес жүргізілгенін білдіреді.

8.14. Сараптамалық қорытындыны дайындағаннан кейін Кеңес бағалау туралы есепті орындаушымен, бағалаушымен танысудан бас тартуға құқығы жоқ.

8.15. Жүргізілген бағалау туралы есеп сараптамасының қорытындысымен немесе сараптама тапсырыс берушісімен келіспеген жағдайда, Кеңес Төрағасы есепке балама сараптама жүргізу үшін сарапшы-оппонентті тағайындайды. Егер бағалау туралы есеп сараптамасын Кеңесте Кеңес мүшесі өзінің алғашқы сайлауынан кейін бірінші рет өткізсе, онда сарапшы-оппонентті тағайындау міндетті болып табылады.

8.16. Егер сарапшы-оппоненттің жұмыс қорытындысы жүргізілген сараптама қорытындыларын растау болып табылса, онда бұл жағдайда сарапшымен және сарапшы-оппонентпен қол қойылған соңғы сараптама қорытындысы дайындалады.

8.17. Сарапшы мен сарапшы-оппоненттің арасында келіспеушілік, сондай-ақ басқа да даулы жағдай туындаса, Кеңес Төрағасы есепті сараптау туралы қорытындыны Кеңестің талқылауына ұсынады, немесе ақырғы шешім шығару үшін Кеңес мүшелерінен Жұмыс тобын құрайды.

8.18. Кеңес Төрағасы осы бағалау туралы есепке зерттеу жүргізген сарапшыға және қорытынды сараптама жасалған есепке бағалаушының түсініктемесін алуға құқылы.

8.19. Кеңес Төрағасы бағалаушыға бағалау туралы есепке түзету енгізуге және ағымдағы күнді бағалау туралы жаңа есеп шығаруға мүмкіндік беруге құқылы. Түзетілген бағалау туралы есепке сараптамалық қорытындыны басқа сарапшы орындайды.

9. Сарапшының жауапкершілігі

9.1. Бір сараптамалық қорытындымен жұмыс істейтін сарапшылар өз жұмыстарындағы барлық кемшіліктерге ортақ жауап береді.

9.2. Бағалаушылар палатасының «сарапшы» ретіндегі бағалаушының қызметі азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру тиіс.

9.3. «ҚР бағалау қызметі туралы» ҚР Заңының, Осы Ереженің талаптарымен Сарапшының жұмысы сәйкес келмеуі фактілерін анықтау бекітілген тәртіпте тәртіптік жаза шараларын қолдануда негіз болып табылады.

9.4. Кеңес сарапшысының қорытындысы сот тәртібінде күмәнді деп танылған жағдайда, Сарапшы және Бағалаушылар палатасы «ҚР бағалау қызметі туралы» ҚР Заңына сәйкес жауап береді, атап айтқанда: Бағалаушылар палатасы тапсырыс берушілер және үшінші тарап алдында өз мүліктік жауапкершілігін қамтамасыз етпегені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруды қолданады.

9.5. Сарапшының кәсіби жауапкершілігін сақтандыру өз қаражаттарынан дербес жүзеге асырылады және сарапшының азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру келісімшарты қорытындысы күніне қолданылатын және

республикалық бюджет туралы заңмен бекітілген 5000-еселік есептік айлық көрсеткіш көлемінен кем болмайды.

9.6. «сарапшы» біліктілікті тағайындау туралы куәліктен айыру Палатамен мындай жағдайда жүзеге асырылады:

- сарапшымен қызметі туралы ҚР заңнамасын бірнеше рет бұзу, оның ішінде мемлекет, жеке және/немесе заңды тұлға қызығушылығына залал келтірген;
- бағалау туралы есепте көрінген бағалау объектінің нарықтық жіне басқа құны туралы дәлелсіз сараптама қорытындысын жасаған;
- «бағалаушы» біліктілікті тағайындау туралы куәліктен айыру;
- сарапшымен Бағалаушылар палатасының талаптарын бірнеше рет бұзу.

9.7. Бағалаушы «сарапшы» біліктілікті тағайындау туралы куәліктен айыру туралы шешім қабылдағаннан кейін үш жылдан кем емес, «сарапшы» біліктілікті тағайындау туралы куәлікті алуға құқылы.

10. Қорытынды ереже

10.1. Осы Ереже Палатаның Жалпы жиналысы бекіту күнінен күшіне еніп, белгісіз мерзімге күші бар.

10.2. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды енгізу Палатаның Жалпы жиналысы шешімі негізінде жүзеге асырылады.

10.3. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Ережені жаңа редакцияда қабылдау жолымен енгізіледі.